

# Рейчел Карсон

Табиғат қорғаушысы



Джина Дэль Фуоко

# Earth and Space Science Readers:

## Рейчел Карсон

### Табиғат қорғаушысы

#### **Publishing Credits**

**Editorial Director**

Dona Herweck Rice

**Creative Director**

Lee Aucoin

**Associate Editor**

Joshua BishopRoby

**Illustration Manager**

Timothy J. Bradley

**Editor-in-Chief**

Sharon Coan, M.S.Ed.

**Publisher**

Rachelle Cracchiolo, M.S.Ed.

**Science Contributor**

Sally Ride Science

**Science Consultants**

Nancy McKeown,

Planetary Geologist

William B. Rice,

Engineering Geologist

## ***Teacher Created Materials***

5301 Oceanus Drive

Huntington Beach, CA 92649-1030

<http://www.tcmpub.com>

**ISBN 978-0-7439-0566-4**

© 2007 Teacher Created Materials, Inc.

# Мазмұны

Өзен жағасындағы қыз .....	4
Айналамыздағы теңіз.....	8
Зиянкестер мен пестицидтер .....	12
Үнсіз көктем .....	16
Бүгінгі экологиялық қозғалыс.....	20
Теңіз биологы: Сильвия Эрл.....	26
Қосымша .....	28
Зертханалық жұмыс .....	28
Сөздік.....	30
Индекс .....	31
Sally Ride Science.....	32
Суреттер дереккөзі .....	32

# Өзен бойындағы қыз

Өзеннің жанындағы фермада кішкентай қыз тұратын. Ол 1907 жылы 27 мамырда Роберт пен Мария Карсонның үшінші баласы болып дүниеге келді. Ол Пенсильвания штатындағы Спрингдейл шағын қалашығында өсті. Оның есімі Рэйчел Карсон болатын.

Кішкентай қыз бен оның анасы бірге уақыт өткізуді ұнататын. Олар орман мен өзендерді, гүлдердің өсіп, құстардың ұшқанын тамашалайтын.

Рэйчел Карсон →



↓ Аллегений өзені Карсон өскен жердің жанында ағып жатыр.



Кейде олар жай отырып айналаны тамашалайтын. Рэйчел Карсонның табиғатқа деген сүйіспеншілігі осы жерден басталды.

Ол жазуды жақсы көретін. Өзінің алғашқы мақаласын журналға он жасында жариялады. Ол «Бұлттағы шайқас» атты әңгімесі үшін марапатқа ие болып, болашақта жазушы болу үшін колледжге түседі.

❏ Карсон теңіз бен құрлықты бірдей жақсы көрді.



## Балалар кітабы

Рейчел балаларға арналған «Ғажайып сезім» атты кітап жазды. Ол ата-аналар мен балаларды табиғатпен достасуға үндейді.



## Рейчел:

«Мен бала кезімнен бері жазушылықты армандадым. Сондай-ақ, табиғатқа қатты қызықтым. Бұған мені анам баулыды және мен әрдайым өз ойымды онымен бөлісетінмін.



Колледжде оқып жүргенде Карсон биология сабағын тереңдете оқыды. Бұл оның қызығушылығын тудырып, өмірін өзгертті. Ол жазушылықтың орнына ғылыммен айналысуға бел буды.

Карсон зоология бойынша магистр дәрежесін алды. Бұл 1932 жылдары әйел адам үшін үлкен жетістік болды. Ол уақытта колледжде білім алатын әйелдер аз еді.

Әйелдер көбінде үй шаруасымен қатысты дүниелермен айналысатын. Әйелдің ғалым болуы сирек еді, бірақ Карсон өз таңдауымен өмір сүрді.

Ол сондай-ақ мемлекеттік қызметке сынақ тапсырған алғашқы әйел болды. Бұл сынақ адамға АҚШ үкіметінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ол АҚШ-тың балық шаруашылығы бюросында жұмыс істеуге шешім қабылдады. Ол әрі биолог әрі жазушы болып жұмыс істеді. Сөйтіп, жақсы көретін қос істі қатар алып жүрді.

Осы уақыт ішінде Карсон Жердің табиғи ресурстары туралы жазды. Ол адамдарға табиғатты жақсырақ түсінуге көмектескісі келді. Ол жер ресурстарының шектеулі екенін білді. Егер біз оларды тым тез немесе зиянды жолмен пайдалансақ, біз жерді бүлдіреміз. Бізде өмір сүру үшін қажетті нәрсе болмауы мүмкін. Карсон басқалардың планетаға қамқорлық жасауға көмектескенін қалады. Ол адамдарға табиғаттың билеушісі емес, оның бір бөлігі ғана екенін үйреткісі келді.



## **Отбасылық өмір**

Карсонның әкесі 1935 жылы қайтыс болғаннан кейін ол анасымен бірге тұрды. Карсонның әпкесі екі жылдан кейін, өмірден озды. Карсон әпкесінің екі баласын қамқорлығына алды. Ол жиені қайтыс болғаннан кейін жиенінің ұлын асырап алып, өсірді. Карсон ешқашан тұрмыс құрмаған.